

# Кездесу арқауы - кезекті Жолдау

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты «Қазақ тілі, орыс тілі практикалық курсы және шетел тілдері» кафедрасының ұжымы мен студенттері Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылады. Алғашқы сөзді кафедра меңгерушісі Ш. Бағытжанова алып, Елбасымыздың заман талабына сай «Біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» деген қағиданы ұстанып еңбек етуге тиіс екендігімізді алға тартты.

Кафедраның аға оқытушысы Ж. Байдалина өз ой-пікірін білдіріп, бүгінгі әлемдік хал-ахуалдың құбылып тұрған уақытында Елбасының әр айтқан сөздерінде қаншалықты мән жатқандығына тоқталды.

Мамандықтың 3-курс студенті Дариға Махсұмхан Ұлт Көшбасшысының қиын-қыстау кезеңге қарамастан, жастарды ешқашан назардан тыс қалдырмағаны жайында баяндады. «2016 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап шәкіртақының өсетінін естіп, қуанып қалдым. Екіншіден, бұл жастарға деген зор жауапкершілік деп білемін. Осы жауапкершілікті барша жастар жете түсініп, өздерінің білімге деген құштарлығымен, ғылымға қосар үлесімен қайтарса мол мүмкіндік болар еді. Біз, жастар, қашан да Елбасымен біргеміз», - деді ол.

Кафедра ұжымы білікті мамандар даярлау арқылы инновациялық даму бағдарламасына сүбелі үлестерімізді қосып, Жаңа Жолдауда көрсетілген тапсырмалардың орындалуына өз үлестерімізді қосамыз деп қорытындылады.

**Рсалды АБДРАХМАНОВА,**
**АрқМПИ**
**аға оқытушысы.**